

«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік шағын

орталығының әдіскері

Сәді Г.К.Сағпазова

Қимылды ойын: «Шымшық торғайлардың балапандары мен мысық»

Өткізген №1 «Күншуақ» кіші тобының
тәрбиешісі Мендыгулова А

2022-2023 оқу жылы

Қимылды ойын

«Шымшық торғайлардың балапандары мен мысық»

Ойынның мақсаты: Балаларды жылдам әрекет жасауға үйрету. Тәрбиешінің белгісі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға жаттықтыру. Балалардың ептілігін, жылдамдығын арттыру, ойынға қызығушылығын ояту.

Ойынның ережесі: Балалар бөлменің қабырғасына жағалай қойылған кішкентай скамейкада, үлкен текшелердің (биіктігі 15-20 см) үстінде тұрады. Бұл үй төбесінде немесе ұяларда отырған шымшық торғайлардың балапандары. Шеткеректе мысық отырады, ойын рөлін балалардың біреуі орындайды. Тәрбиеші: «Шымшық торғайлар балапандары ұшты» - дейді.

Шымшық торғайлар балапандары төбеден немесе ұялардан секіріп-секіріп қанаттарын қағып, яғни қолдарын екі жағына созып, бөлменің ішінде жүгіріп жүреді.

Бұл уақытта мысық ұйықтап отырады. Бірақ мысық тез ояна қалады «мяу-мяу» деп керіліп алады да шымшық торғайдың балапандарын қуа жөнеледі. Олар үйдің төбесіне немесе ұяларына, өз орындарына бару керек. Ұстаған шымшық торғайлар балапандары мысық өз үйіне әкетеді.

Ойын 2-3 рет қайталанады.

